

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Президенті _____ У.С.Абдибеков
«___» _____ 201__ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-049-2014

***АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ
ЕРЕЖЕСІ***

○ АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлеген – Департамент директоры Н.К.Орманов
– Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің бастығы
М.М.Мирзахметов
3. Келісілді Оқу әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
Б.Б.Ахметов
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының
бастығы Е.Шахабаев
– Құқықтық және экономикалық
қадағалау департаментінің директоры А.А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2014

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-049-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		10 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жалпы ережелер	4
5. Жауапкершілік және өкілеттілік	6
6. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
7. Келісу, сақтау және тарату	7
8. Қосымшалар	8
9. Қосымша 1 Танысу парағы	8
10. Қосымша 2 Өзгерістерді тіркеу парағы	9
11. Қосымша 3 Бағалау принципі	10

Ahmet Yasaui University

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-049-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		10 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) кредиттік оқыту технологиясы бойынша ағымдық бақылауды өткізуге қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта ағымдық бақылауды өткізуге және ұйымдастыруға қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар мамандық даярлауды жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-027-2014 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген, «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі»;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

- Университет Жарғысы;

- Регламенттер;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

- ЖН-СМЖ-065-2013 Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Силлабус (Syllabus)	Пәннің мақсаты, міндетін, құзыреттерін, қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен ұзақтығы, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, жұмысты тапсыру кестесін және қажетті әдебиеттер тізімін қамтитын жұмыс оқу жоспары
Үлестірме материал (Handouts)	Білім алушының тақырыпты табысты игеруі үшін үлестірілетін көрнекі иллюстративті материал (тезистер, мәтіндер, сілтемелер, мысалдар, глоссарийлер, өзіндік жұмысқа жұмысқа арналған тапсырмалар және т.б.)
Ағымдағы бақылау	Силлабусқа сәйкес ағымдағы, аудиторияда және аудиториядан тыс жерде жүргізілетін білімді жүйелі тексеру процедурасы
1 аралық бақылау (Блок 1)	Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің ортасында оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау
2 аралық бақылау	Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-049-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		10 беттің 4 –ші беті

(Блок 2)	соңында оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау
Білім алушының өзіндік жұмысы (СӨЖ/ ИӨЖ/РӨЖ/ МӨЖ/ДӨЖ/)	Силлабусқа сәйкес оқу-әдістемелік әдебиет пен нұсқаулармен қамтамасыз етілетін, оқытушының тапсырмасымен және бағалауымен білім алушының тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма, есеп т.б. түрінде дайындайтын жұмыстары; білім алушының дәрежесіне байланысты ол СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы, ИӨЖ – интерннің өзіндік жұмысы, РӨЖ – резиденттің өзіндік жұмысы, МӨЖ – магистранттың өзіндік жұмысы, ДӨЖ – докторанттың өзіндік жұмысы, болып бөлінеді
Оқытушының басқаруымен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ/ ОБИӨЖ/ ОБРӨЖ/ ОБМӨЖ/ ОБДӨЖ/)	Кестеде көрсетілген орын мен уақытта оқытушының басқаруымен білім алушының өзіндік жұмысы; білім алушының дәрежесіне байланысты ол ОБСӨЖ – оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысы, ОБИӨЖ – оқытушының басқаруымен интерннің өзіндік жұмысы, ОБРӨЖ – оқытушының басқаруымен резиденттің өзіндік жұмысы, ОБМӨЖ – оқытушының басқаруымен магистранттың өзіндік жұмысы, ОБДӨЖ - оқытушының басқаруымен докторанттың өзіндік жұмысы болып бөлінеді.
Тьютор (Tutor)	Сабақ жүргізетін және білім алушының академиялық кеңесшісі ретінде қызмет ететін оқытушы
Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК)	Құрамына силлабус, лекция мәтіндері, іс-тәжірибелік, семинарлық, лабораториялық сабақтардың тапсырмалары, СӨЖ/ИӨЖ/РӨЖ/ МӨЖ/ДӨЖ/ тапсырмалары, сабақтың тақырыптары мен түрлері (кейстер, тапсырмалар жинағы, талдауға арналған мақалалар және т.б.) білім алушының өзіндік жұмыстарына арналған оқу-тәжірибелік материалдардан енетін пәннің оқу-әдістемелік кешені
Сабаққа қатысу мен үлгерімнің электрондық журналы	Оқытушылардың академиялық кезең бойы толтырып отыратын он-лайн журналы

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Білім алушының оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

- ағымдағы бақылау;
- формативті медицина үшін ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау (блок);
- аралық аттестаттау (емтихан).

1.2 Ағымдағы бақылау – пәннің силлабусына сәйкес оқытушының ағымдағы сабақтарда білім алушының оқудағы жетістіктерін (формативті түрде) тексеруі.

1.3 Аралық бақылаудың қорытынды нәтижелері электрондық жүйедегі тізімдемеге қойылады. 1-ші және 2-ші аралық бақылаудың нәтижелері тізімдемелерде тіркеледі.

1.4 Ағымдағы және аралық бақылауды өткізудің формасын пәннің ерекшелігіне байланысты оқытушы силлабуста белгілейді. Ағымдағы және аралық бақылаулар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-049-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		10 беттің 5 –ші беті

коллоквиум, компьютерлік немесе матрицалық тест сұрақтары, жазбаша бақылау жұмысы, білім алушының пікірталаста, дөңгелек үстелде, іскери ойындарда, проблемалық жағдайларды шешуге қатысудан, т.б. білім алушының білімін, дағдысын және құзыреттерін бағалайтын көрсеткіштерден тұрады. Ағымдағы және аралық бақылау туралы толық ақпарат пән бойынша жасалған силлабусқа енгізіледі және семестрдің алғашқы 2 аптасында білім алушыларға таныстырылады.

1.5 Әр аралық бақылаудың жоғары көрсеткіші 100 балдан тұрады. Аралық бақылаудың қорытындысы келесі аттестациялық аптаның дүйсенбісінен кешіктірмей электрондық жүйедегі аралық бақылау тізімдемесіне қойылады. Екі аралық бақылау бойынша пәннің үлгерімнің жоғары көрсеткіші жалпы пән бойынша бағаның 60% құрайды.

1.6 Бағасын көтеру мақсатында аралық бақылау нәтижесін өзгертуге жол берілмейді. Білім алушы дәлелді себептермен (денсаулық, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) аралық бақылауға қатыса алмаған жағдайда, дәрігерлік анықтама немесе ресми құжат негізінде факультет деканының өкімімен аралық бақылау мерзімі ұзартылады.

1.7 Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеруді университет өзі дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың емтихан тапсыру түрінде жүзеге асырады.

1.8 Білім беруді ұйымдастырудың тиімділігін, сапасының деңгейін және білім алушылардың білім жетістіктерін анықтауды университетте Академиялық мәселелер жөніндегі департамент іске асырады.

1.9 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіліп, дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтардағы нәтижелерді қамтиды. Ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингінің бағасы) дәрісханалық сабақтардағы және білім алушының өзіндік жұмысын тапсырудағы ағымдық бақылау мен аралық бақылау бағаларынан жинақталады.

1.10 Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауының нәтижесі білім алушының семестр бойы жұмысының көрсеткіші ретінде ағымдық аттестаттау (1 және 2 межелік бақылаулар) болып табылады.

1.11 Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауы олардың үлгерімін және сабақтарға қатысуларын анықтауды көздейді, олардың қатынасы бақылау кезеңіндегі әр білім алушының оқу кезіндегі және материалды игеру кезіндегі белсенділігін білдіреді.

1.12 Ағымдық бақылау кезінде білім алушының сабақтардағы белсенділігі, бақылау шараларын дер кезінде өткендігі, теориялық сабақтарды игеру дәрежесі, тәжірибелік машықтану дәрежесі, өзіндік жұмысқа қабілеттілігі ескеріледі.

1.13 Аудиториялық сабақтардың жартысынан көбісіне қатыспаған және жоспарланған жұмыстардың көлемін орындамаған білім алушы аттестатталмайды.

1.14 Оқытушы барлық студенттер үшін бір семестр бойы оқылатын пәндерден екі міндетті межелік бақылауды (ағымдық бақылау) келесі мерзімдерде өткізеді: бірінші аралық бақылауды – 7 (жетінші) аптада, екінші аралық бақылауды – 15 (он бесінші) аптада.

1.15 Ағымдық және межелік бақылауларды коллоквиумдар, компьютерлік немесе матрицалық тест сұрақтары, жазбаша жұмыстар түрінде, білім алушылардың диспуттарға, дөңгелек үстелдерге, іскерлік ойындарға қатысуларын бағалау түрінде өткізуге болады.

Ағымдық және межелік бақылауларды өткізу формалары туралы толық ақпарат пән силлабусына енгізіліп, білім алушыларға семестрдің алғашқы екі аптасы ішінде хабарланады.

Ағымдық бақылаудың нәтижелерін оқытушылар Платонус жүйесіндегі межелік бақылау ведомосіне аттестациялық аптадан кейінгі дүйсенбіден кешіктірмей енгізу қажет.

Ағымдық бақылаудың нәтижелерін жоғарылату мақсатында өзгертуге жол берілмейді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-049-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		10 беттің 6 –ші беті

1.16 Сырттай бөлімде оқитын студенттер үлгеріміне ағымдық бақылау оқу-емтихан сессиялары басталғанға дейін сол кезеңде де жүзеге асырылады, ол академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте сырттай бөлімде оқитын студент оқу-емтихан сессиялары басталғанға дейін барлық түрдегі бақылау және есептеу-графикалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды (жобаларды), сондай-ақ үй тапсырмаларының жекелеген түрлерін, СӨЖ, пәндерді оқыту бағдарламасына сәйкес межелік бақылауды тапсырады.

1.17 Ағымдық бақылау нәтижелері білім алушыларға хабарланып, кафедра мәжілістерінде және факультет Кеңестерінде талқыланады, нәтижесінде білім алушылардың сабақтарының сапалы жүруін және өзіндік жұмыстарын жетілдіру, оларды әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

1.18 Үлгерімді ағымдық бақылаудың бағасы (жіберілу рейтингі) пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 60% құрайды және емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 40% құрайды.

1.19 Пән бойынша үлгерімнің ағымдық бағасы білім алушының әр орындаған жұмысының бағаларының орташа бағасы болып табылады.

Ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) дәрісханалық сабақтардағы және білім алушының өзіндік жұмысын тапсырудағы (ОСӨЖ, СӨЖ) ағымдық бақылау мен аралық бақылау бағаларынан жинақталады. Бағалау принципі 3-қосымшада көрсетілген.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

5.1 Университеттің осы ережесі Басқару кеңесінде талқыланады.

5.2 Осы ереже университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

5.3 УЕ талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің бастығы жауапты болып табылады.

5.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын қадағалау оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қалағалайды.

5.5 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуге қабылданған шешімнің және барлық деректердің объективтілігі мен дәйектілігі туралы жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

5.6 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу ережесі жүзеге асырылу сапасына кафедра меңгерушісі мен факультет деканы жауапты болып табылады.

6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-049-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		10 беттің 7 –ші беті

7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Б.Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы

Е.Ш.Шахабаев

Құқықтық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры

А.Абсеметов

Abmet Yasaui University

